



**Автор:** Есимова Райгүл Олжабаевна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 5-сынып




**Бөлім:** Адамгершілік - асыл қасиет

**Тақырып:** Ахмет Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.
Сабақтың мақсаты:	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>Шығарма мазмұнымен таныса отырып, тірек ұғымдарды таба алады.</li><li>Мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын анықтайды.</li><li>Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын ұсынады.</li></ul> <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>Шығармадағы көркемдегіш құралдарды ажырата алады (метафора).</li><li>Оқушылар мәтін мазмұны бойынша тың идеялар ұсына алады.</li></ul> <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады.</li><li>Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады.</li></ul>
Тілдік мақсаттар:	<b>Оқушылар орындай алады:</b> <p>Өлеңнің мазмұнының идеясы мен тақырыбын түсінеді.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>Әдеби-теориялық ұғымды есте сақтайды.</li></ul> <b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <p>Адамдық тұқымы, көңілін көгерту, қор болған еңбек, диқаншы, садақа, жүндеу, қамыт, жасық, бейнет, зейнет, таяққа еті үйрену, метафора, алмастыру.</p> <b>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> <p>Адамдық диқаншысы, Ахмет Байтұрсынұлы, «Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы», қамыт кию, қамшы жеу, сөз маржаны.</p> <b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> <ol style="list-style-type: none"><li>Ақын өлеңді неліктен «Адамдық диқаншысы» деп атады?</li><li>Диқаншы деген кімдер?</li><li>Диқаншы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңінің арасында қандай байланыс бар?</li></ol>
Бағалау критерийлері:	Кейбір оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none"><li>А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады.</li><li>Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады.</li><li>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.</li><li>Әңгіменің мазмұндық тақырыбы мен идеясын ажырата алады.</li></ul>
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жалпыға бірдей еңбек қоғамы құндылығын сақтау, еңбекқорлыққа, адамгершілікке баулу. Сын тұрғысынан ойлау. Жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезіну.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, Тарих, Өзін-өзі тану, Биология.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (7 мин)</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Оқушылармен сәлемдесемін.</li><li>2. Оқушылардың сабаққа қатысын қадағалаймын.</li><li>3. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу, бір-бірінің жақсы мінез-құлық қасиеттерін тани отырып, сыйластық пен достықты қалыптастыру мақсатында шеңбер бойында тұру ретіне қарай «Оң жағымда...» тренингі өткізіледі.</li><li>4. Сыныпқа қима қағаздағы «Әдептілік», «Ар-ұят», «Адамдық», «Белгі» сөздерін алғыза отырып, «Сөзден-сөйлем» әдісі арқылы топтарға біріктіремін.</li></ol> <p>II. Үй тапсырмасы.</p> <p>Сыныптық жұмыс. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» тарауы бойынша алған білімдерін «Зымыран сұрақтар» әдісімен қорытындылаймын. Кері байланыс: «Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісі</p>	 <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p>  <p>«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз»</p>
----------------------------------	--	---



Сабақтың соңы  
(3 мин)

Үйге тапсырма.  
«Адамгершілік» тақырыбына 2 шумақ өлең құрастырып келу.  
Топтардың «Бағалау парақтары» жиналып алынады, талданады.

